

“Психодиагностика пәніне кіріспе”



Орындаған: *Утегалиева Г. А*

ПСИХОЛОГИЯ 19.629

Тексерген: *Есимгалиева Т. М*

ЖОСПАР:

I. КІРІСПЕ

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1 Ғалымдардың психологиялық диагностикаға берген анықтамалары

1.2 Психодиагностика принциптері

1.3 Психодиагностика даму кезеңі

1.4 Тәжірибелік және практикалық диагностика және кезеңдері

1.5 Б. Г. Ананьев зерттеулері.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

IV. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



МАҚСАТЫ:

Психодиагностика ұғымына толық анықтама беріп, түсіндірме жүргізу.

МІНДЕТІ:

Психодиагностика пәнінің қоғамдағы рөлінің маңызды екенін дәлелдеу.



КІРІСПЕ

Психологиялық диагностика ХІХ-ХХ ғғ. тәжірибенің талабына сай психологиядан бөлініп шыға бастады. Психодиогностика ұғымы - психологиялық диагноз қоюды және оны анықтауды қарастырады. "Психодиогностика" ұғымын ең алғаш 1921 ж. швед психологы Герман Роршах енгізген.

Психодиогностика - тұлғаны бағалауды жүргізудің ғылыми негізі мен практикасы немесе клиникалық психологияның құралдары арқылы зерттеу. Ресейлік монографияның бірінде психологиялық диагностикаға мынадай анықтама беріледі: "психодиогностика дегеніміз - адамды психологиялық және психофизиологиялық белгілері бойынша классификациялау әдістері туралы пән."




Г. Роршах



НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1 Ғалымдардың психологиялық диагностикаға берген анықтамалары

Е. А Климовтың ойынша, "психодиагностика" дегеніміз - адамдармен жұмыс жасау кезінде тез психологиялық ақпаратты алуды қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер туралы ғылым. Мақсаты - "әлеуметтік қоғамның психологияның алдына қоятын міндеттермен шешуге мүмкіндік беретін диагностикалық әдістеменің жүйесін өңдеу."



Е. А Климов



А. А Бодалев пен В. В Сталиннің психодиагностика бойынша шығарған кітабындағы мынадай мәлімет беріледі: "психодиагностика дегеніміз - психологиялық диагноз қоюдың практикасы мен ғылымы."

А. Г Шмелевтің "Психодиагностика негіздері" кітабында психодиагностика туралы: адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін танудың әртүрлі әдістерін пайдалану мен өңдеу туралы ғылым.

"Психодиагностика" - тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін өлшеу мен бағалау құралдарын, принциптерін, теорияларын өңдеумен айналысатын психологиялық ғылымның бір саласы.



1.2 Психодиагностика принциптері

- Құпиялы сақтау принципі, яғни диагностика нәтижесін таратпау.
- Ғылыми-негізділік принципі - бұл принцип нақты ғылыми негізділікті талап етеді.
- Қорытындының объективтік принципі - бұл тест қорытындысың ғылыми негізде болуын, әрбір жүргізілген зерттеулердің нақты әрі сенімді қорытындысы болуы шарт.
- Зияндылық тигізбеу принципі, психодиагностика қорытындысы адамның жеке тұлғасына ешқандай зиян тигізбеуі тиіс.
- Тиімділік принципі - әр адамға немесе топқа берілген психодиагностика нұсқасы пайдалы болуы тиіс, әрі түсінікті болуы шарт.



1.3 Психодиагностиканың даму кезеңдері

Психодиагностиканың ғылым ретінде қалыптасуына көрнекті ғалым С. М. Жақыповтың зерттеулерінде қарастырылған және оны 2 кезеңге бөлінген.

Бірінші кезең, IV-V ғ.ғ – ХІХ ғасырдың 60жж.


Екінші кезеңі, ХІХ ғасырдың 60жж. – қазіргі күнге дейін.

- Философиялық ілім тарихындағы Аристотель зерттеулері психология бағытында (348-322жж.) қамтиды. Герофил, Эразистарт, Гиппократ, Демократиялық, Геббос, Спиноза, Лейбниц, Руссо, Дидро, Кан, Гегель, т.б еңбектері жатады.
- 1870ж. неміс ғалымы Вильгельм Вунд (1832-1920жж.) Лейпциг қаласында тұңғыш лаборатория ұйымдастырып, психологиялық құбылыстардың құрал-жабдықтарын зерттеуге болатынын дәлелдеп, дербес эксперименттік ғылым болуына жол ашты.



- Негізгі процестерге жанасатын психодиагностиканың әдістері қалыптаса бастау кезеңін ХІХ ғ. аяғы ХХ ғ. басы дейміз. Осы кезеңде психологиялық қызмет орталықтары әртүрлі мемлекеттерде лаборатория ашыла бастады. Бірінші басымдылық неміс университеттерінде, Ресей, АҚШ, Англия және Италияда да диагностикалық зерттеулер кең ұйымдастырыла бастады.

Алғаш рет психометриялық мекеме Англияда Гальтонның көмегімен құрылды. Ол эксперимент 10мыңға жуық адамға жасалды. Гальтон ұсынған психологиялық әдістеменің өңделуінде статистикалық әдісті қолдану ұсынылды.



Ф. Гальтон



- 1898 жылы ағылшын журналында басылып шыққан Галтонның шәкірті Джеймс Маккин Кеттелл мақаласында «проба» «зерттелуші» деген мағынаны білдіретін «тест» термині алғаш рет ғылыми қолданысқа енген.
- 1890 жылдың басына қарай Эмил Крепелин алғаш рет экспериментальды психология әдістерін, психология және психометриялық диагностика мәселелерін шешуде қолдану туралы идеясын ұсынған. Оның шәкірті Э.Оерн бірінші болып осы идеяны интеллектуалды қабілетті бағалау үшін тәжірибе жүзінде қолданысқа енгізді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында психологиялық диагностиканың әртүрлі әдістері тез қарқынмен дамыды

- 1885 жылы «мәтіндегі түсіп қалған сөзді есте сақтап қалу қабілетін» зерттейтін әдісті өңдеп шыққаны туралы Герман Эббингауз мәліметтеген. Бұл топтың ойлау қабілетін зерттейтін алғашқы тестердің бірі болып есептеледі.
- 1908 жылы Альфред Бине және Томос Симон индивидтің есін өлшейтін «Метрикалық интеллект өлшемін» жасап шығарған. Виллям Штерн коэффициент интелекта терминімен бала интелектісін өлшеуді ұсынған.



Пирсонның дисперсиялық талдауы Спирменнің интеллектіні шынайы түрде өлшеуге бағытталған әдістемені дәлелдей бастады.

Француз ғалымы 1905-1907 жж. Альберт Бине, кейінірек француз ғалымы Симон бұл тестті жетілдіріп, психология тарихына Бине-Симон тесті атауымен енгізді.

Психодиагностика тарихында Торндайктың ассоциация ұғымына жан-жақты сипаттама беруде жануарларға жүргізген тәжірибесі ерекше орын алды.



1.4 Тәжірибелік және практикалық психодиагностика кезеңдері

Тәжірибелік психология мен психодиагностиканың ғылыми практикалық пән ретінде қалыптасуы ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. Жүзеге асты. ХІХ ғ. аяғы ХХ ғ. басында психология 3 кезеңді қамтыды:

1 – кезең. ХХ ғ. басы мен 30жж. ортасы.

Бұл кезеңде К. Н. Карнилова, Л. С. Выготский, П. П. Блонның әдістемелері дамыды. 1910 ж. Ресей психологы Г. И. Россолимо ақыл-ойды дамыту тестін тұлғаны бағалау әдістемесі жолдарын тапты. Американың психологиялық ассоциациясы Роберт Эриксонның басқаруымен «Армиялық интеллект» тесті жасап, оған 1 млн. 720 мың солдат қатысты.



2 – кезең. 30жж. ортасы мен 50 жж. аяғы

Герхард Витцлактың екі іргелі монографиялық «Психодиогностика негіздері», Юрген Гуткенің «Оқытудағы интеллектуалдық диагностика негіздері» еңбектері жарық көрді.

3 – кезең. Практикалық психологияда сандық және сапалық тест әдістерін қолдану.

Б. М. Теплов «СССР-дағы психологиялық ғылым» мақаласы.

К. К. Платонов әдістемесі бойынша бағалаудың 3 түрі: механикалық, формалды, құрылымдық.

Ковалев пен В. И. Месишев дифференциалды зерттеулер|тестілеулер әдістерінің дәл және анық қол жеткізу жолдарын көрсетті

Л. Выготский, Ж. Пиаже, Дж. Бруней балаларға арналған ақыл-ойды дамыту, математикалық салаларды анықтау тесті жасады.

Кеңес психологы С. Л. Рубенштейн, А. Н. Леонтьев, А. Б. Ананьев және т.б еңбектері XX ғ.



1.5 Б. Г. Ананьев зерттеулері

1960ж. соңынан бастап психологиялық диагностика саласында зерттеулер жүргізіле бастады. Бұл салаға үлкен үлес қосқан Б. Г. Ананьев. Оның анықтауынша «психодиагностика тұлғаның психофизиологиялық қызметтерінің, процестері мен күйлері мен қасиеттерінің даму деңгейін анықтайды, күрделі мінез-құлықты құрайтын ерекшеліктерді зерттейді; күрделі ситуациялар әсер еткендегі адам күйін бейнелейді, даму потенциалдық анықтайды.

Б. Г. Ананьев 1968ж. ұсынған комплексті зерттеу жолдарының 3 деңгейі:

I-ші деңгейі индивид ерекшеліктері:

- жыныс, жас конституциясы, нейродинамикалық қасиеттер;
- психофизиологиялық қасиеттер және органикалық ерекшеліктер;
- нышан және темперамент.



II-ші деңгейі іс-әрекет субъектісі:

- когнитивті сипаттамалар, коммуникативтік қасиеттер, еңбекке қабілет;
- қабілеттер

III-ші деңгейі тұлғалық көрсеткіштер:

- статус, әлеуметтік роль, құндылықтар құрылымы;
- жүріс-тұрыс мотивациясы;
- мінез және бейімділік.



ҚОРЫТЫНДЫ

Психодиагностика – нақты міндеттерді шешуге арналған практикалық немесе теориялық меңгеру операцияларының біртекті амалдарының жиынтық әдісі.

Психодиагностика екі жақты мәртебеге ие. Біріншіден, ол практикалық психологияның салыстырмалы дербес бағыты болып табылады, яғни психолог кеңес беруде немесе психотерапияда маманданған өзге психологтардың тапсырысы бойынша күрделі диагностикалық жұмыстарды орындап, сол салада мамандана алады. Екіншіден, психодиагностика психологтың клиентпен жүргізілетін жұмыстарының маңызды кезеңін құрайды. Екі жағдайда да психодиагностика адамдардың психологқа шағымдана келетін өмірлік қиындықтарының себеп — салдарын анықтауға мүмкіндік беретін ұстанымдардың, әдістердің, әдістемелік тәсілдері мен үрдістердің кешенін анықтайды. Психодиагностиканың өзіне тән теориялық негізі бар. Оның негізінде психодиагностиканы теориялық пән ретінде қарастырады. Идеялардың теориялық психологиядан тәжірибелік психологияға елуірі жақындауына ықпал етіп, психодиагностиканың теориялық негізі қалыптасады.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://professional.ru/Soobschestva/psihosomatikaly-zgerst>
2. <https://bilimainasy.kz/%d2%9b%d0%b0%d0%b7%d1%96%d1%80%d0%b3%d1%96-%d0%ba%d0%b5%d0%b7%d0%b5%d2%a3%d0%b4%d0%b5%d0%b3%d1%96-%d0%bf%d1%81%d0%b8%d1%85%d0%be%d0%bb%d0%be%d0%b3%d0%b8%d1%8f-%d0%b6%d3%99%d0%bd%d0%b5-%d0%be%d0%bd/>
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%81%D0%B8%D1%85%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D0%B3%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0>
4. <https://mylektsii.ru/7-71587.html>
5. <https://baribar.kz/student/15990/psikhodiagnostikanynh-payda-bolu-tarikhy-psikhodiagnostikanynh-eksperimentaldyq-psikhologiyanyh-qoynauynda-qalyptasuy/>



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

